

Бекітемін: *Асқақ*  
«Күншуақ» жекеменшік  
бөбекжай- бақшасының  
әдіскері А.Ә.Жақсылықова

## «Алғыс айту күні»

(Ересектер, «Ер Төстік» тобының ұйымдастырылған құттықтауы)



Тәрбиеші: *Ходжа-Ахметова.К*

Таушық ауылы, 28.02.2025 жыл

**Тақырыбы: «Барлығына рахмет!»**

**Мақсаты:** Балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, Алғыс туралы кеңінен түсінік беру.

**Дамытушылық:** Үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамыту.

**Тәрбиелік:** Әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

Ризамын мен бүгінге,

Ризамын мен бүгінге,

Ризамын мен бүгінге,

Ризамын мен қазірге!

Ризамын, ризамын, ризамын бүгінге,

Ризамын, ризамын, ризамын қазірге.

Балалар тізбектеліп, бір - бірлеріне тілек білдіріп шықты.



*Алғыс — біреудің екінші біреуге ықыласын білдіруі, рахмет айтуы. Алғысты сөзбен немесе қимыл, іс - әрекет, заттай сыйлық беру, тіпті жақсы қарым - қатынас түрінде де білдіруге болады. Әркім Алғыс алу арқылы өзінің басқалармен қарым - қатынасын, өмірдегі орнын бағалай алады. Қазақ халқының ұғымында неғұрлым көп Алғыс алған адам бақытты болады. “Алғыспен ер көгерер” деген мәтел соған меңзейді.*

*Балалар, балабақша басшысы мен тәрбиеші апайларды, аспазшы, көмекші апайлар мен кіші қызметкерлер апайларды алғыс күнімен құттықтады.*

*Өздерінің алғыс айту мереке қарсаңында жылы лебіздерімен құттықтауларын тәттілерімен қоса әрбір жанның жүрегінен жылы орын ала білді.*

